

Ресми рецензенттің 8D02201-Исламтану философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Утпинов Наурызбай Тагановичтің «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» атты докторлық диссертация жұмысына

## **ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Тарихтың қай кезеңін алып қарасақ та, мұсылман қоғамында дін насихатына көңіл бөлінбеген кез болмаған. Өйткені, дін сол қоғамның негізін құраған. Әсіресе қазақ қоғамында дін мен дәстүр сіңісіп, бірлесіп, тарихтар бойы өзінің құндылығын сақтап келген. Қазақ ұлты үшін ислам дәстүрлі әрі қазақ мәдениетінің болмысына айналған дін. Сондықтан қазіргі уақытта бұқаралық коммуникация саласындағы жаңа технологиялардың пайда болуы, ғаламдық ақпарат желілерінің қарқынды дамуы, постсекулярлы қоғамда орын алып отырған әлеуметтік үдерістер дағуат мазмұны мен тәсілдерінде жетілдіруді талап етеді. Дінді насихаттаумен тікелей шұғылданатын дін мамандарының білімі мен біліктілігін, шеберлігін арттыруға бағытталған курстар, семинарлар ұйымдастыру қажет. Ал мұндай шаралар арнайы танымдық әрі ғылыми зерттеулерге сүйенген еңбектер, көмекші құралдарға деген сұраныс туындатады. Қазақстан қоғамы әр түрлі ұлттар мен ұлыстардан тұратындықтан, онда діни және мәдени плюрализм көрініс тапқан. Осындай ортада өзгелердің сеніміне нұқсан келтірместен дін насихатын алып жүрудің өзіндік ерекшелігін айқындай білген дұрыс. Дінге шақырудың өзіндік тарихы мен ерекшеліктерін терең қарастырып, Қазақстан жағдайында бүгінгі күнге дейін діни дағуат әрекеттерінің салдарын зерттеу алдағы уақытта бұл салада олқылықтар жібермеуге ықпал ететіні сөзсіз. Сондықтан да бұл диссертациялық жұмыста исламдағы дін дағуатын жүргізу парадигмасы және сапалық деңгейін анықтау мақсатында, дағуат ісінде білімділік, біліктілік, төзімділік, ықыластылық секілді жеке тұлғалық қасиеттермен қоса, діни, құдайлық бағытаушы қуаттың да әсері туралы баяндалған, осылайша дағуат жүргізудің ортақ әдіснамалық ұстанымдары мен мақсаттарына талдау жасалған.

Жалпы алғанда дінтану саласына, дін саясатына зайырлылық ұстанымына сай әрі діни ахуалдың түзелуіне үлес қосатын өте ғылыми ізденіс.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Н.Т. Утпиновтың диссертациялық жұмысында ислам дағуаты құбылысының қызметі мен басты идеясын негіздеу бағытында діни қайнаркөздерге жүгіне отырып, кешенді ғылыми теориялық зерттеу жасалғандықтан, ол өзіндік ғылыми нәтижелермен ерекшеленеді. Докторлық диссертацияда ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес бірқатар теориялық нәтижелерге қол жеткізілген.

1. Ислам дағуаты құбылысының қызметі мен басты идеясын негіздейтін діни қайнаркөздерге жан-жақты ғылыми-теориялық талдау жасалып, діни қайнаркөздердегі «дағуат» ұғымымен мәндес ұғымдар тұжырымдалды;

2. Ислами «дағуат» құбылысына және оның эволюциясына тарихи-ретроспективалық тұрғыдан салыстырмалы талдау жасалды;

3. Исламдағы дін дағуатын жүргізу парадигмасы және сапалық деңгейін анықтау мақсатында, дағуат ісінде білімділік, біліктілік, төзімділік, ықыластылық секілді жеке тұлғалық қасиеттермен қоса, діни, құдайлық бағытаушы қуаттың да әсері туралы баяндалған, осылайша дағуат жүргізудің ортақ әдіснамалық ұстанымдары мен мақсаттарына талдау жасалған.

4. Қазақстандық мұсылман жамағатының бірлігін сақтау және халқымыздың рухани иммунитетін күшейтіп, діни сауатын арттыру жолында ҚМДБ және құрамындағы мешіттердің халықтың діни сенімі мен танымын дұрыстауға зор үлесі болғандығы тұжырымдалған;

5. Ислам әлеміне танымал белгілі дін ғалымдарының деструктивті діни топтар мен жат ағымдар жайлы жеке пайымдары мен ұстанымдарын алға тарта отырып, тұжырымдар жасалған;

6. Қазақстанда пайда болған деструктивті діни топтардың өздерінің жат идеяларын таратудағы дағуат әдістері мен әрекеттеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасалған.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында әрбір ғылыми нәтижені, қорытындылар мен тұжырымдарды негіздеуде ислам қайнаркөздерімен қатар, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді тиімді қолдана білген.

Олардың шынайылығы мен дәйектелуін былайша тарқатып айтуға болады:

*1-ші ғылыми нәтиже.* Исламды насихаттауға қатысты діни терминдер мен ұғымдар толықтай анықталып, олардың практикалық құндылығы аңдатылды. Сонымен қатар дағуат құбылысына қатысты діни мәтіндерге ғылыми теориялық талдау жасалған.

*2-ші ғылыми нәтиже.* Ислам тарихында «дағуат» түсінігі тарихи деректер негізінде талданып, діни мәтіндерде дағуаттың маңызы мен рөлі

тұрғысынан тарихи-салыстырмалы талдау жасалған;

*3-ші ғылыми нәтиже.* Исламдағы дін дағуатын жүргізу парадигмасы және оның сапалық деңгейі анықталып, дағуат жүргізудің ортақ әдіснамалық ұстанымдары мен мақсаттарына талдау жасалған;

*4-ші ғылыми нәтиже.* Қазақстандағы мұсылман жамағатының бірлігі мен бірегейлігін сақтау және халықтың діни-мәдени танымын дұрыс бағытта қалыптастыру жолында ҚМДБ және оған қарасты діни институттардың қызметтерінің маңызы аңдатылған;

*5-ші ғылыми нәтиже.* Ислам әлемінде өзіндік орны бар классик және заманымыздағы дін ғалымдарының экстремистік сипаттағы жат діни идеяларға қарсы алға тартқан ұстанымдары пайымдалған;

*6-ші ғылыми нәтиже.* Қазақстандағы деструктивті діни топтардың діни-саяси сипаттағы дағуаттарының алдын алудың діни-теологиялық және мәдени-әлеуметтік маңыздылығы дәлелденген.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық деңгейі.**

*1-ші ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа.* Ислам дағуаты құбылысының қызметі мен идеясын негіздейтін діни қайнаркөздерге кешенді ғылыми-теориялық талдау жасалып, діни қайнаркөздердегі «дағуат» ұғымымен мән-мағына ұғымдар тұжырымдалған;

*2-ші ғылыми нәтиже – жаңа.* Ислами «дағуат» құбылысына және оның эволюциясына тарихи-ретроспективалық тұрғыдан салыстырмалы талдау жасалған;

*3-ші ғылыми нәтиже – жаңа.* Исламдағы дін дағуатын жүргізу парадигмасы және оның сапалық деңгейі анықталып, дағуат жүргізудің ортақ әдіснамалық ұстанымдары мен мақсаттарына талдау жасалған;

*4-ші ғылыми нәтиже – жаңа.* Қазақстандағы мұсылман жамағатының бірлігі мен бірегейлігін сақтау және халықтың діни-мәдени танымын дұрыс бағытта қалыптастыру жолында ҚМДБ және оған қарасты діни институттардың қызметтерінің маңызы аңдатылған;

*5-ші ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа.* Ислам әлемінде өзіндік орны бар классик және заманымыздағы дін ғалымдарының экстремистік сипаттағы жат діни идеяларға қарсы алға тартқан ұстанымдары пайымдалып, тұжырымдалған;

*6-ші ғылыми нәтиже жаңа.* Қазақстандағы деструктивті діни топтардың діни-саяси сипаттағы дағуаттарының алдын алудың діни-теологиялық және мәдени-әлеуметтік маңыздылығы дәлелденген.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Диссертациялық жұмыс ислам өркениеті мен түркі мәдениетінің біртұтас синтезі деуге болады. Зерттеу жұмысы логикалық негізге құрылған. Жұмыстың ғылыми нәтижелері ислам дағуатының негіздері мен әдістеріне жан-жақты талдау жасалғанын көрсетеді, сонымен қатар еңбек ішкі біртұтас бірлікте жүйеленгені байқалады. Доктарант диссертация

жұмысында алға қойған мақсат-міндеттерге, көтерген тақырыбына сәйкес біршама ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Диссертацияның тұжырымдары, тапқан теориялық сарапталуы мен қолданған әдіс-тәсілдері ғылыми зерттеу талабына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мазмұны концептуалдық тұрғыда тұтастығымен ерекшеленген.

**6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.**

Аталмыш диссертацияда алынған нәтижелер Қазіргі Қазақстанда қалыптасқан діни ахуалды танып, түсінуге мүмкіндік береді. Диссертация Ислам дағуатының негіздері мен әдістеріне қатысты зерттеуге бағытталғандықтан Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын игеруге практикалық септігін тигізеді. Сондай-ақ жұмыстың нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын исламтану, дінтану пәндерінде, дін, әдебиет пен мәдениет тарихына қатысты арнаулы курстарда пайдалануға болады.

**7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының толықтығына растама.**

Диссертация Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің исламтану кафедрасында орындалды. Зерттеудің негізгі мазмұны мен қорытындылары шетелдік және Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі бекіткен ғылыми басылымдарда жарық көрді. Жалпы ғылыми мақалалар саны – 7. Шетелдік Scopus мәліметтер базасында 1 жарияланым және Қазақстан Республикасының уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда 3 жарияланым, халықаралық конференцияларда шетелдік 1, отандық 2 жарияланым жарық көрді.

**8. Авторефераттың диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Алға қойған мақсат пен міндеттерге байланысты зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, жеті бөлімшеден, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 130 бет.

**9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Сыннан өтіп отырған зерттеу жұмысының жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, оның мазмұнында кейбір олқылықтардың кездесетінін ескертеміз:

1. Диссертацияда дағуатқа қатысты тарихи-ретроспективалық тұрғыдан талдау аз.
2. Диссертацияның қосымшасына терминдер сөздігін қосу керек еді.
3. Тараушалар соңындағы ғылыми тұжырымдарды толықтыра түсу керек.

**10. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Тұтастай алғанда, «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» деп аталатын бұл диссертациялық жұмыс өзекті мәселеге арналған, тиісті нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары бар толыққанды ғылыми еңбек болып

табылады. Ол ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкес келеді, ал жұмыстың авторы Н. Утпиновтың 8D02201-Исламтану философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иеленуге лайық.



*А. Әршимбаев*

Философия және теология (PhD) ғылымдарының докторы,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті  
Исламтану кафедрасы профессоры, Ясауитану F30 директоры



Д.Т. Кенжетәев ҚОЛЫН  
Қ.А. Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университеті  
Исламтану F30 директоры